

Павлодар облысы Павлодар қаласының бас жоспары туралы (негізгі ережелерді қоса алғанда)

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 12 маусымдағы № 337 қаулысы.

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" 2001 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 5) тармақшасына сәйкес және Павлодар облысы Павлодар қаласының кешенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Павлодар облыстық және қалалық мәслихаттары мақұлдаған Павлодар облысы Павлодар қаласының бас жоспарының жобасы (негізгі ережелерді қоса алғанда) бекітілсін.

2. "Павлодар облысы Павлодар қаласының бас жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 маусымдағы № 485 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 12 маусымдағы
№ 337 қаулысымен
бекітілген

Жоба

Павлодар облысы Павлодар қаласының бас жоспары (негізгі ережелерді қоса алғанда)

1. Жалпы ережелер

Павлодар облысының орталығы – Павлодар қаласының бас жоспары (бұдан әрі – Бас жоспар) қала құрылысының аймақтарға бөлуді, аумақтың жоспарлы құрылымы мен функционалдық ұйымдастырылуын, көліктік және инженерлік коммуникациялар жүйесін, көгалдандыру және абаттандыру жүйесін белгілейтін кешенді жоспарлануын айқындайтын негізгі қала құрылысы құжаты болып табылады.

Бас жоспар "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының Жер, Экологиялық кодекстерінің және қала құрылысын жобалау

саласына жататын заңнамалық актілері мен нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес әзірленді.

Бас жоспардың схемасы (негізі сызба) перспективалы аумақтық даму шегінде орындалған (осы Негізгі ережелерге қосымша).

Бас жоспарды әзірлеу негізіне Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 21 шілдедегі № 118 Жарлығымен бекітілген Елді аумақтық-кеңістікте дамытудың 2020 жылға дейінгі болжамды схемасы, Павлодар облысының, Павлодар қаласының әлеуметтік-экономикалық даму бағдарламалары және Павлодар қаласының дамуына жататын басқа да мемлекеттік және өңірлік бағдарламалар алынды.

Бас жоспарда мынадай жобалау кезеңдері қабылданған:

- 1) бастапқы жыл – 2015 жыл;
- 2) бірінші кезек – 2022 жыл;
- 3) есепті мерзім – 2032 жыл.

2. Бас жоспардың мақсаты

Павлодар қаласының бас жоспары аумақтық дамудың ұзақ мерзімді перспективаларын, сәулет-жоспарлау құрылымының қалыптасуын, аумақтарды функционалдық-қала құрылысы аймақтарына бөлуді, қызмет көрсету және жалпықалалық мақсаттағы объектілерді орналастыру, көше-жол желісін және көліктік қызмет көрсетуді, инженерлік инфрақұрылымды дамыту жүйесін ұйымдастыру жөніндегі қағидаттық шешімдерді, аумақты инженерлік қорғау және дайындау жөніндегі ұсыныстарды, экологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі қала құрылысы іс-шараларын айқындайды.

Бас жоспар:

- 1) қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуының бірінші кезектегі және перспективалы бағдарламаларды;
- 2) қала аумағын егжей-тегжейлі жоспарлау және құрылыс салу жобаларын;
- 3) қоғамдық, іскери, мәдени және сауықтыру орталықтарын дамыту жоспарларын;
- 4) тұрғын, өндірістік және коммуналдық-қоймалық аумақтарды реконструкциялау және дамыту бағдарламаларын;
- 5) тарихи құрылыс пен тарихи және мәдени мұра объектілерін сақтау, ұқыпты пайдалану және сабақтас дамыту жоспарларын;
- 6) рекреациялық аймақтардың аумақтарын дамыту бағдарламаларын;
- 7) қалалық ортаны кешенді абаттандыру және эстетикалық ұйымдастыру жоспарларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

3. Табиғи-климаттық және инженерлік-геологиялық аспектілер

Климат қалалықтардың өмір сүру жағдайын қалыптастыратын негізгі табиғи факторлардың бірі болып табылады. Ол тұрғын үйлердің құрылымдық ерекшелігін, ашық аспан астында немесе инженерлік коммуникациялармен жабдықталмаған үй-жайларда еңбек қызметін жүзеге асыру мүмкіндіктерін, күш-қуатты қалпына келтіру үшін қажетті демалу режимін анықтайды.

Павлодар материкке ылғалды ауа массасын әкелетін Атлант мұхитынан біршама алыста, далалық климаттық аймақта орналасқан. Сондықтан оның климаты қысы суық қатал континенталды, жазы қалыпты ыстық. Қаланың оңтүстік-шығысындағы Алтай тауларының ірі тау жүйесі континенталды климаттың қаталдығын біраз жұмсартады. Ең ыстық шілде айының орташа айлық температурасы $+21,7^{\circ}$, абсолюттік температура максимумы $+42^{\circ}$. Қаңтар айының күндізгі орташа айлық температурасы $-17,6^{\circ}$ -тан -23° -қа дейін, ал абсолюттік минимумы -47° .

Павлодар қаласының және маңындағы аудандардың аумағы солтүстік пен солтүстік-батысқа қарай еңкіш көлбеу террасалық жазықтықта орналасқан, оның көпшілік бөлігін аккумулятивтік (Ертіс өзенінің жайылмасы және екі жайылмауесті террасасы) және денудациялық жазықтықтар алып жатыр. Жазықтық бетінің жалпы төмендеуі оңтүстіктен солтүстікке қарай абсолюттік белгілердің 158 метрден 105 метрге дейінгі өзгерісімен сипатталады.

Негізгі су артериясы – Ертіс өзені, ол Павлодар және Ақсу қалаларын сумен жабдықтаудың көзі болып табылады, өзінің бастауын Моңғолия Республикасының аумағындағы Алтай тауларынан алады да, Ресей Федерациясының аумағындағы Обь өзеніне құйылады. Павлодар қаласына жанасатын учаскедегі өзеннің негізгі арнасы оң жақ байырғы жағаға жақындайды. Арнаның ені 200-500 метр, тармақталғанда 1100-1300 метр.

4. Әлеуметтік-экономикалық даму

1. Әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары

Бас жоспарда Павлодар қаласы Павлодар облысының орталығы ретінде қарастырылады.

Қала дамуының экономикалық базасында мынадай негізгі өндірістер қамтылған: мұнай өңдеу өнімдері, машиналар мен құрал-жабдықтар, түсті металдар, электр энергиясы, сүт және ет өңдеу өндірістері.

Қаланың экономикалық дамуының басты міндеті жаңа кәсіпорындарды жобалық қуатқа шығару және жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту, сапасы әлемдік стандарттарға сай келетін өндірілетін өнімдердің номенклатурасын кеңейту болып табылады.

Қала халықтың өмір сүру сапасын жақсарту және халықтың әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттары тұрғын үй құрылысын дамыту, білім берудегі, денсаулық сақтаудағы, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудегі және инженерлік-көлік инфрақұрылым объектілеріндегі қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

2. Демография

2015 жылғы 1 қаңтарға қала халқының саны "Павлодар облысы бойынша статистика департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің деректері бойынша 356,2 мың адамды құрады. Қала әкімдігінің құрамына: Павлодар қаласы, халық саны 9,5 мың адамнан тұратын Ленин кенті, жалпы халық саны 13,9 мың адам болатын алты елді мекені бар (Павлодар, Мойылды, Кенжекөл, Байдала, Долгое, Жетекші) екі ауылдық округ кіреді. Осылайша, осы жобада алынған халық саны барлық техникалық-экономикалық есептеулер үшін – 356,2 мың адам.

2032 жылға дейінгі есептік мерзімде қала халқының болжамды саны халықтың табиғи және көші-қон қозғалысында болып жатқан өзгерістерді объективті түрде ескере отырып орындалған.

Есептеулер статистикалық экстраполяция және еңбек теңгерімі әдістерінің негізінде жүргізілген. Қала халқының жобалық саны:

- 1) 2022 жылға дейінгі бірінші кезектегі даму кезеңінде 384,0 мың адамды, оның ішінде ауыл халқы 15,4 мың адамды;
- 2) 2032 жылғы есептік мерзімде 412,0 мың адамды, оның ішінде ауыл халқы 16,9 мың адамды құрайды.

Қазіргі кезде еңбек ресурстары 226,0 мың адамды құрайды немесе бүкіл халықтың 63,4%-ы, оның ішінде экономикалық белсенді халық саны 194,4 мың адам немесе еңбек ресурстарының 54,6%-ы. Жұмыссыздар – 9,7 мың адам немесе экономикалық белсенді халықтың 4,9%-ы. Демографиялық жүктеме коэффициенті 2014 жылы 55,4% болды, бұл 2010 жылғы көрсеткіштен шамамен 5 бірлікке артық.

3. Азаматтық тұрғын үй құрылысы

Тұрғын ортаны кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары тұрғын үймен қамтамасыз етуді қаланың бүкіл тұрғын үй қорын 9558 шаршы метрге дейін арттырып, 1 адамға 24,2 шаршы метрге дейін жеткізуді көздеп отыр.

Аумақты және тұрғын үй қорының жағдайын талдау, сондай-ақ жоспарлау факторларының кешенін есепке алу көбінесе жеке қоныс маңындағы учаскелері бар аз қабатты тұрғын үйлер тұрған учаскелерді бөлуге мүмкіндік берді, оларды бұзу арқылы реконструкциялау іс-шаралары көзделген.

Жобалау кезеңінде жалпы ауданы 433,5 гектар болатын 329,1 мың шаршы метр аумақты, оның ішінде 65,5 мың шаршы метр ескі және апатты тұрғын үйді бұзу көзделген.

Аумақ тұрғын үй кешендерін, әлеуметтік-мәдени мақсаттағы объектілерді, қоғамдық орталықты салу және қалалық магистральдарды кеңейту үшін пайдаланылады.

Құрылыс 1331 гектар бос аумақта (жалпы ауданы 1431,4 мың шаршы метр), сонымен қатар 433,5 гектардағы ескі тұрғын үйлерді бұзу есебінен реконструкцияланатын аумақтарда (жалпы ауданы 1691,5 мың шаршы метр) жүзеге асырылады.

Жобалау кезеңінде жалпы ауданы 2827,1 мың шаршы метр құрылыс салу көзделген, оның ішінде бірінші кезекте – жалпы ауданы 1016,4 мың шаршы метр.

Жаңа тұрғын үй қорын құрылыс аймақтарына бөлу мынадай арақатынаста қарастырылған:

- 1) 1-2 қабатты жеке қоныс құрылысы – 1210,4 мың шаршы метр (42,8%);
- 2) 4-5 қабатты құрылыс салу – 9,1 мың шаршы метр (0,3%);
- 3) көпқабатты құрылыс – 1608,0 мың шаршы метр (56,9%);

Бас жоспарда коммерциялық, қолжетімді және жалдамалы тұрғын үй салу көзделген, оның ішінде жалпы жаңа тұрғын үй қорынан:

- 1) коммерциялық тұрғын үй – 1640,0 мың шаршы метр (58%);
- 2) "Нұрлы жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасының шеңберінде қолжетімді тұрғын үй – 763,3 мың шаршы метр (27%);

3) тұрғын үй құрылыс жинақ салымдары жүйесі арқылы тұрғын үй – 424,1 мың шаршы метр (15%).

Денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, инженерлік-көлік инфрақұрылым объектілерін салу жөніндегі жобалық ұсыныстарды іске асыру жергілікті бюджет қаражаты есебінен, бір бөлігін мемлекеттік-жекешелік әріптестікті, концессияларды және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де көздерді пайдалану есебінен жүзеге асыру көзделген.

Бас жоспарды іске асырудың есептік мерзімінің соңына қарай құрылыс үшін бюджет қаражатын жұмсауда бірінші басымдыққа ие әлеуметтік қызмет көрсету объектілеріне қатысты мынадай нысаналы және есептік көрсеткіштер анықталды.

1. Білім беру:

- 1) мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік мекемелеріндегі орындар саны – 21 450;
- 2) жалпы білім беретін мемлекеттік мектептердегі орындар саны – 43 200.

2. Денсаулық сақтау (мемлекеттік амбулаториялық-емханалық мекемелер):

- 1) емханалар – ауысымына 7 670 адам;
- 2) ауруханалар – ауысымына 4 900 адам.

Бас жоспарда қаладағы бар бүкіл тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін сақтау көзделген.

Тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін, сондай-ақ оларды қоршаған аса құнды тарихи ортаны сақтау, ескерткіштердің жаңа құрылыспен өзара үйлесімді байланысын қамтамасыз ету үшін алдағы жобалау сатыларында ескерткіштер учаскелерінің және қалалық құрылысты реттеу аймақтарының шекараларын белгілеу керек.

4. Экономикалық қызмет

Бас жоспарда қала экономикасының мынадай басым бағыттары айқындалған:

- 1) мұнай-химия өндірісінің кәсіпорындарын орналастырып, "Павлодар" арнайы экономикалық аймағын дамыту;**
- 2) мұнай өңдеу, электр энергетикасы және тау-кен металлургия салаларын дамыту;**
- 3) өңірлік ерекшелікті ескере отырып, басым секторларда өңдеу өнеркәсібін дамыту** ;
- 4) ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу өндірісін дамыту;**
- 5) туризм және демалыс саласын дамыту.**

Павлодар қаласының облыстық маңызы бар қала мәртебесін сақтау болжамдалған және ғылыми-техникалық, білім беру, мәдени, әлеуметтік, өндірістік және инфрақұрылымдық әлеуеттерді, облыстық және республикалық маңызы бар нарық инфрақұрылымы институттарының желісін қарқынды дамыту көзделген.

Экономиканың мемлекеттік және жеке секторларының алдағы тиімді үйлесімі және өзара іс-қимылы жоспарланған.

Бас жоспарда өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыру ұсынылған, мақсаты – олардың экологиялық қауіпсіздігін арттыру және осы аумақтардың қала құрылысы әлеуетін қаланың дамуы мүддесі үшін аса тиімді пайдалану.

Қаладағы шағын кәсіпкерлік аса кең таралған, алайда жұмыспен қамтудың басым деңгейі сауда және қоғамдық тамақтану мекемелерінде байқалады.

5. Өнеркәсіп

Қаланың өнеркәсіптік әлеуетін экспортқа бағдарланған ірі өнеркәсіптік компаниялар анықтайды.

Республикада энергиямен және сумен жабдықтау жағдайлары бойынша үздік, қуатты өндірістік әлеуеттің болуы, Павлодар-Екібастұз аумақтық-өндірістік кешенінің (бұдан әрі – АӨК) шеңберінде ірі салааралық және салаішілік өндірістік (жанармай-энергетикалық, энергия-металлургиялық, мұнай-химиялық) кешендерді қалыптастыру Павлодар қаласы үшін АӨК орталығы ретінде ең ірі индустриялық орталықтардың ішінде жетекші орынды қамтамасыз етеді.

Қалада 435 өнеркәсіптік кәсіпорын жұмыс істейді, оның ішінде негізгі үлес салмағы (42,6%) металлургия өнеркәсібіне, 17,8% – электр энергетикасына және 13,3% – мұнай

өнімдерінің өндірісіне тиесілі. Ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісімен 69 ауыл шаруашылығы кәсіпорны және 275 шаруа қожалығы айналысады.

Өңдеу өнеркәсібіндегі өндіріс көлемінің ұлғаюы металлургиялық және химиялық, мұнай өңдеу, машина жасау, құрылыс индустриясы және жеңіл өнеркәсіп өнімдері мөлшерінің өсімі есебінен қамтамасыз етіледі.

Қаланың дамуы үшін оңтайлы жағдайларды жасау және экономикалық өсімді қамтамасыз ету мақсатында басым бағыттар жоғары өнімді инновациялық технологияларды енгізу негізінде қаланың экономикасын дамыту, қаланың инфрақұрылымдық мүмкіндіктерін дамыту, адами капитал сапасын дамыту және көтеру, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

5. Қала құрылысын дамыту

1. Аумақтағы сәулет-жоспарлауды ұйымдастыру

Қаланың қала құрылысы дамуының негізгі міндеттері қаланың әлеуметтік-экономикалық және қала құрылысы дамуының перспективаларын, олардың барлық сәулет-жоспарлау құрылымы кіші жүйелерінің өзара байланысты шешімін, тұрғын және өндірістік ортаның, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетудің, көлік және инженерлік қамтамасыз етудің, есептік мерзімнің шегінен тыс қаланың дамуы үшін аумақтарды қорда сақтап, абаттандырудың дамуын анықтау болып табылады.

Қаланың аумағын жобалық сәулет-жоспарлауды ұйымдастыру қаланың қалыптасқан функционалдық-жоспарлау құрылымын ескере отырып, орындалған және қалыптасқан көліктік-жоспарлау қаңқасының аумағын кешенді бағалау негізінде әзірленген. Жобалық шешімдерде алдыңғы бас жоспардың негізгі қағидаттары сақталған.

Қаланың сәулет келбетін қалыптастыру жөніндегі ұсыныстар табиғи-климаттық ерекшеліктерді, қалыптасқан және ұсынылып отырған қала құрылысы талаптарын, заманауи сәулет үрдістерін ескере отырып әзірленген.

Қаланың аумағы функционалдық аймақтарға бөлуді және перспективалы көліктік-жоспарлау құрылымын ескере отырып, шартты түрде 11 жоспарлау ауданына бөлінген, олар нормативтік талаптарға сәйкес қызмет көрсету жүйесімен қамтамасыз етіледі.

Ландшафтты-рекреациялық аймақтардың құрамындағы ауылдық елді мекендердің дамуы қатаң регламенттелген.

Сонымен қатар қаланың аумақтық дамуының маңызды құрамдас бөлігі реконструкция процестері болып табылады. Жобада 1-Мамыр көшесі және "Алюминқұрылыс" шағын ауданы аудандарында азқабатты құрылыс салу аймақтарын реконструкциялау есебінен құрылыс тығыздылығын арттыру қарастырылған.

Бас жоспардағы қабылданған құрылыс салу аймақтарына бөлу көбінесе көппәтерлі тұрғын үйлерден көпқабатты құрылыс салуға бағдарланған. Қаланың шегінде жеке тұрғын үй салу қатаң шектеулі. Ол үшін қала маңындағы аймақта аумақтар қарастырылған.

Тұрғын және қоғамдық-іскери құрылыс салу аумақтарынан тұратын негізгі, тарихи қалыптасқан негізгі қоныстану аймағы бүкіл қала құрылысы жүйесінің өзегін құрайды. Оған екі жоспарлау ауданы кіреді: "Орталық" және "Оңтүстік". Бұл аудандардың негізгі элементі қаланың орталық өзегі болып есептелетін жалпықалалық орталық болып табылады.

Қаланың орталық және шеттегі аймақтары негізгі жоспарлау бағыттары бойынша аудандарға бөлу жүйесінде жоспарлау аудандары ретінде көрсетілген.

"Солтүстік" жоспарлау ауданы кешенді болып табылады және Ертіс өзенінің жайылмасы бойында орналасқан 11-1 (Лесозавод) және 11-2 (Павлодар, Шәукен ауылдарының және Спутник-2 кентінің негізінде) тұрғын аудандардан басқа коммуналдық-өндірістік аудан ("Приречный" өндірістік ауданы) кіреді.

"Шығыс" жоспарлау ауданы: оның құрамына 4-1 (Екінші Павлодар) және 4-2 (Жетекші ауылының және Павлодар гидрогеологиялық экспедициясының негізінде) тұрғын аудандардан басқа коммуналдық кәсіпорындар ауданы кіреді.

Оңтүстік Семей бағытындағы "Кенжекөл" жоспарлау ауданы: оның құрамына Байдала, Долгое және Кенжекөл ауылдарының негізінде қалыптасқан 10-1 тұрғын аудан кіреді.

"Батыс" жоспарлау ауданы сол жақ жағалауда, Ленин кентінің негізінде дамуда.

Жалпықалалық орталық жүйесінің дамуымен қатар қаланың шетіндегі және оның орталық бөлігіндегі мамандандырылған қалалық орталықтар жүйесі де дамитын болады. Қоғамдық-көліктік тораптар ерекше мәнге ие болады.

Ертіс өзенінің жайылма аумағы қаланың экологиялық қаңқасының негізін құрайды. Оның құрамына жайылма ормандар, орманды саябақтар кіреді. Осы аймақта сондай-ақ негізгі саябақ аумақтары дамиды. Сәулет-жоспарлау аудандарға бөлуде олар Павлодар қаласының құрылыспен бөлінбейтін, ажырамас бірыңғай ландшафтты-рекреациялық аймағын құрайды.

Қаланың аумақтық өсімі, негізінен, тұрғын үй құрылысының құрылымында негізгі көлемді құрайтын азқабатты тұрғын үй құрылысын салумен және Омбы, Құлынды, Семей және Ленин кентімен бірге сол жақ жағалау бөлігін қоса алғанда, Астана-Екібастұз бағытындағы басты көлік магистралінің бойында орналастырудың бағытталған жүйесін қалыптастырумен байланысты болады.

Жеке қоныс құрылысын бұзу есебінен реконструкциялау, Павлодар қаласының қоныстану аумағының қалыптасқан бөлігіндегі қала құрылысы тұрғысынан құнды аумақтарды неғұрлым ұтымды пайдалану көпқабатты құрылысты дамытудың негізгі жолдарының бірі ретінде қарастырылады.

Қаланың солтүстік бөлігіндегі санитариялық зиянды аймақтарды қысқарту Омбы магистралінің бойындағы солтүстік аумақтардың бір бөлігін санитариялық зиянды аймақтардың жаңа шегінен тыс қоныстану аумақтары үшін пайдалануға, тұрғын үй құрылысын дамытуға мүмкіндік береді.

Қоршаған ортаның экологиялық жағдайы қаланың қолданыстағы шегінде жеке тұрғын үй және саяжай құрылысының дамуына жол бермейді. Санитариялық зиянды аймақтардан тыс қалыптасқан азқабатты тұрғын үй қорының бөлігі және саяжай аумақтары тұрғын үй және қоғамдық құрылыс салу үшін қайта құруға жатады.

Өнеркәсіптік және коммуналдық аймақтарды дамыту қалыптасқан шектерде қарастырылған және әрі қарай олардың аумақтарының қарқындылығын арттырумен, жаңа технологияларды пайдаланумен байланысты. Санитариялық зиянды аймақтардың шегінде санитариялық-қорғаныш аймақтарын жасау және көгалдандыру аса маңызды іс-шараның бірі ретінде қарастырылады.

Дәстүрлі жоспардағы өнеркәсіптік аудандардың жүйесі олардың санитариялық-қорғаныш аймақтарын бірге теміржол белдеуінің құрылымына бағынышты болып, қаланың қоныстану аумағының қалыптасқан бөлігінің айналасында жартылай айналманы құрайды.

Қаланың көгалдандыру жүйесінің негізін қалалық ормандардан және орманды саябақтардан құралатын жасыл белдеу, сондай-ақ ірі қалалық саябақтар мен желекжолдар құрайды.

2. Қала құрылысын аймақтарға бөлу

Қазақстан Республикасының Жер кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Бас жоспарда қаланың бүкіл аумағы функционалдық аумақтық аймақтарының тізбесі бар функционалдық аймақтарға бөлінеді және жобада ұсынылған қала құрылысы саясатына сәйкес жылжымайтын мүліктің рұқсат етілген пайдалануының түрлері мен параметрлері бойынша "жер учаскелерін рұқсат етілген пайдаланудың негізгі түрлері", "жылжымайтын мүлікті пайдаланудың негізгі түрлеріне ілеспе", "арнайы келісуді талап ететін жылжымайтын мүлікті пайдаланудың түрлері" болып жіктеліп, қала құрылысы регламенттері әзірленді.

Қалалық аумақтарды қала құрылысы аймақтарына бөлу қалалық аумақтарды өзара байланысты тәртіппен пайдаланумен, толыққанды, қолайлы, жайлы өмір сүру ортасын жасауға бағытталған.

Қаланың аумағын белгіленген жобалық шекара шегінде ұсынылған сәулеттік-жоспарлы ұйымдастырудың негізінде аумақты функционалдық аймақтарға бөлу анықталды, осыған сәйкес мынадай функционалдық аймақтар бөлінді:

1) қаланың шекарасы шегінде орналасқан тұрғын аймақ, бау-бақша және саяжай серіктестіктерінің аумақтары;

- 2) қоғамдық-іскери құрылыс аймағы;
- 3) өндірістік (өнеркәсіптік) аймақ;
- 4) қаланың оңтүстік бөлігіндегі ғылыми-өндірістік аудан (технопарк);
- 5) өнеркәсіптік аудандармен бірге орналасқан арнайы мақсаттағы аймақ (санитариялық-техникалық құрылғылар);
- 6) санитариялық-қорғаныш аумақтары;
- 7) ландшафтты-рекреациялық аймақ;
- 8) инженерлік және көліктік инфрақұрылым аймақтары;
- 9) қаланың шекарасы шегінде ауыл шаруашылығы пайдалану аймағы;
- 10) жоспарлау аудандарының аумағында қалыптасатын режимдік аумақтар аймағы;
- 11) қалыптасқан ортада және жаңа аумақтарда тұрғын үй құрылысын (реконструкцияланған) дамыту, сондай-ақ жаңа буын технологияларымен өндірістік аумақтарды дамыту үшін резервті аймақ.

Әрбір функционалдық аймақ үшін олардың пайдаланылуы бойынша регламенттер анықталған.

6. Көлік инфрақұрылымы

Қаланың көліктік инфрақұрылымына сыртқы, қала маңындағы, қалаішілік жолаушылар және жүк тасымалын қамтамасыз ететін дәстүрлі көлік түрлері кіреді. Ішкі қатынастар қалалық жолаушылар көлігімен және көше-жол желісімен қамтамасыз етіледі. Сыртқы қатынастар автомобиль, теміржол, әуе, құбырөткізгіш көлікпен және сыртқы автомобиль жолдарымен қамтамасыз етіледі.

Павлодар қаласының бас жоспарында қаланың жоспарлау құрылымымен және оның маңындағы аумақтармен байланыстағы көлік және көше-жол желісінің бірыңғай жүйесі қарастырылған, бұл қала маңындағы аймақта орналасқан барлық функционалдық аймақтармен, объектілермен және сыртқы көліктің автомобиль жолдарымен жылдам әрі қауіпсіз көлік қатынасын қамтамасыз етеді.

Қаланың көше-жол желісі көшелер мен жолдардың функционалдық мақсатын, көлік және жүргіншілер қозғалысының қарқындылығын, аумақтардың сәулетті-жоспарлауын ұйымдастыруды және құрылыс салудың сипатын ескере отырып жобаланды.

Жалпықалалық орталық жүйесі және қоғамдық-көліктік тораптары, орталықтары бар солтүстік-оңтүстік және батыс-шығыс қоғамдық-көліктік диаметрлері қаланың құрылымдық қаңқасын құрайды.

Бас жоспарда көше желісінің тікбұрышты схемасы сақталады және одан әрі дамитын болады, ол жаңа магистральдар учаскелерімен және айналма жолдармен толықтырылады.

Павлодар қаласының айналасында қолданыстағы магистральдарға қосымша, қаланың таңбасын көрсететін және Павлодар айналмалы орамды автомобиль жолы автомобильдерінің транзиттік ағынын қабылдайтын жаңа автожол салу көзделген.

Есепті мерзімде Бас жоспарда Павлодар қаласының көше-жол желісін кеңістікте жоспарлы дамыту игерілген аумақтың шегінде тікбұрышты схема перспективалы құрылыс аудандарында радиалды-айналмалы схема болып ауысатын құрылымды білдіреді.

Сондай-ақ есептік мерзімде Павлодар қаласының мына көшелерінің ұзындығын ұзарту көзделген: Естай, Академик Шөкин, Қамзин, Кутузов, Ленин, Ломов, Мир, Академик Сәтбаев, Суворов, Толстой көшелері.

Айманов, Амангелді, И. Байзақов, Бекқожин, Ворушин, Гагарин, Горький, Сұрағанов, Димитров, Ұлгин, Казахстанская правда, Қайырбаев, Катаев, Короленко, Кривенко, Майра, 1 Мамыр, Российская, Теплов, ТкачҰв, Щедрин, Геринг, Ледовский көшелері аудандық маңызы бар негізгі қатынас көшелері болып белгіленді.

1 Мамыр көшесін реконструкциялауды орындау және оны біржақты көше мәртебесінен екіжақты қозғалыс көшесіне ауыстыру ұсынылды.

Магистральдағы қозғалыстың үздіксіздігін мынадай бірқатар жоспарлау және ұйымдастырушылық іс-шаралар қамтамасыз етеді: екінші дәрежедегі көшеден кіруді тоқтататын межелік жолақтарды құру, белгілерді орнату, инженерлік құрылыстарды салу.

Көшелер мен жолдардың өткізу қабілетін арттыру, көлік ағындарының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз ету мақсатында теміржолы бар жаңа магистральдар қиылысында жол өтпелерін және көпірлердің құрылысы қарастырылып отыр. Автобус қала ішіндегі қоғамдық көліктің негізгі түрі, трамвай – қосалқы, болашақта – жылдам шусыз трамвай болып қабылданды.

Бас жоспарда есептік және одан тыс шектегі мерзімде автокөліктің болашақтағы өсімі ескеріліп, бас көшелердің көлденең пішіндері анықталған. Бас жоспарда әр түрлі деңгейдегі, сыртқы автожолдардың жалпықалалық магистральды жолдармен, негізгі жалпықалалық магистральды көшелердің өзара қиылысу орындарындағы көліктік жол айрықтарын салу үшін аумақтар резервтелген.

Автомобильдерді тұрақты және уақытша сақтау және техникалық қызмет көрсетуге арналған құрылыстардың желісі автомобильдендірудің болашақтағы өсімін, объектілердің қолжетімділігін қамтамасыз етуді, санитариялық-гигиеналық талаптарды ескере отырып жобаланған.

Автосервис объектілерін (автомобильге жанармай құю станцияларын, көпқабатты паркингтерді, автомобильдерді сақтауға арналған тұрақтарды және техникалық қызмет көрсету станцияларын) дамыту көзделген.

7. Инженерлік инфрақұрылым

1. Сумен жабдықтау

Павлодар қаласының халқын, өнеркәсіптік кәсіпорындарды және мекемелерді сумен жабдықтаудың басты көзі Ертіс өзенінің жерүсті сулары болып табылады. Өзен ағысы бойынша қаладан 3,5 км жоғары орналасқан "Оңтүстік" бас тоғанының суы, негізінен, халықтың, өнеркәсіптік кәсіпорындардың және қалалық ұйымдардың, теміржол объектілерінің шаруашылық-ауызсу мұқтаждықтары үшін пайдаланылады. "Оңтүстік" бас тоғанының қуаттылығы тәулігіне 423,7 мың текше метрді құрайды және қаланы сумен жабдықтау үшін жеткілікті.

Порт және теміржол көпірі арасында орналасқан "Солтүстік" бас тоғанының суы солтүстік өнеркәсіптік аймақтың өнеркәсіптік кәсіпорындарын сумен жабдықтау үшін пайдаланылады, оның қуаттылығы тәулігіне 604,8 мың текше метр.

Бас жоспарда қаланың сумен жабдықтау жүйесін дамытудың мынадай бағыттары көзделген:

- 1) қаланың және Ленин кентінің сумен жабдықтау жүйелерін дамыту және жаңғырту;
- 2) қаланың қолданыстағы сумен жабдықтау көздерін сақтау және дамыту ("Оңтүстік" және "Солтүстік" бас тоғандары);
- 3) жиынтық су тұтынуды 2015 жылы тәулігіне тұтынылған 230,0 мың текше метрден есептік мерзімнің соңына қарай тәулігіне 386,4 мың текше метрге дейін көбейтіп, қолданыстағы шаруашылық-ауызсу, өртке қарсы және өндірістік су құбыры жүйесін сақтау және дамыту;
- 4) қолданыстағы бас тоғандарды реконструкциялау, қолданыстағы су құбыры желілерін кезең-кезеңмен реконструкциялау және жаңаларын салу, су құбыры құрылыстарын басқарудың орталықтандырылған автоматтандырылған жүйесін ұйымдастыру және суды тазартудың жаңа технологиясына көшу есебінен қаланың сумен жабдықтау жүйесі сенімділігінің деңгейін арттыру;
- 5) азқабатты құрылыс салынатын аудандарда тұрақты сумен жабдықтауды, қолданыстағы сумен жабдықтау жүйесімен байланыстағы жаңа су құбырларын, магистральды желілерді салу жолымен жаңа қала құрылысын игеру аудандарын ұйымдастыру;
- 6) инновациялық технологияларды қолдану, технологиялық процестерді басқаруды автоматтандыру;
- 7) сапалы көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету деңгейін арттыру.

2. Су бұру

Бас жоспарда су бұру жүйесін дамытуға қатысты мыналар көзделген:

- 1) қолданыстағы толық жасанды биологиялық тазарту, терең қайта тазарту құрылыстарын реконструкциялау және жаңғырту есебінен ағын сулар мөлшерін 2015

жылы тәулігіне 83,16 мың текше метрден есептік мерзімнің соңына қарай тәулігіне 96,25 мың текше метрге дейін көбейте отырып, кәріз жүйесінің жұмыс істеу сенімділігін арттыру;

2) кәріз сорғы станцияларын реконструкциялау және жаңаларын салу;

3) кәріз желілерін дамыту және жаңғырту, жаңа магистральды коллекторларды салу, қолданыстағы тозған желілерді кезең-кезеңімен реконструкциялау, қаланың болашақтағы құрылыстарының кәріз суларына арналған суды қайта айдау сорғы станцияларын салу;

4) зиянды заттардың тыйым салынған концентрацияларын қалалық кәрізге жіберу мақсатында кәсіпорындарда технологиялық процестерді жетілдіру есебінен ағынды суды тазарту технологиясы мен сапасын жетілдіру.

3. Жылумен жабдықтау

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау көздерінің жалпы қуаты сағатына 2180 гигакалорий деңгейінде көзделген, жалпы жылу шығыны – сағатына 1787 гигакалорий.

Бас жоспарда қаланың жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

1) неғұрлым жетілдірілген энергия үнемдегіш және экологиялық тиімді технология ретінде жылыту негізінде орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесін одан әрі сақтау, жетілдіру және дамыту;

2) азқабатты тұрғын үй қоры аудандарында зауытта жасалған, заманауи, жоғары сапалы дербес жылу беру жабдығын енгізу есебінен жекелеген жылумен жабдықтау жүйесін жетілдіру, жаңғырту және дамыту болып табылады.

Жылыту жүйесінде:

1) 1, 2, 3 Павлодар жылу электр орталығының жабдығын кезең-кезеңімен жаңғырту, пайдалану мерзімі өткен қазандық жабдығын ауыстыру және реконструкциялау;

2) жылу желілерінің басты учаскелеріндегі құбыр желілерін реконструкциялау және үлкен диаметрлерге ауыстыру;

3) жаңа жылу желілерін салу, жылу магистральдарының жекелеген учаскелерін реконструкциялау және күшейту, қалыптасқан жылыту аймағында жаңа жылыту пункттерін реконструкциялау және салу;

4) жаңа құрылыс аудандарында жаңа сорғы станцияларын және жылу пункттерін монтаждау болып табылады.

4. Электрмен жабдықтау

Павлодар қаласының электрмен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

1) құрылыс жүргізіліп жатқан аймақта 110/10 киловатт қосалқы станцияларды реконструкциялау, техникалық жарақтандыру және жаңаларын салу;

2) 35 киловатт қосалқы станцияларды 110 киловатт кернеуіне ауыстыру;

3) перспективалы құрылыс жүргізілетін аудандарды электрмен жабдықтау үшін жабық үлгідегі 110/10 киловатт жаңа қосалқы станцияларын құру;

4) кернеуі 35 және 110 киловатт электр тасымалдағыш, жоғары кернеулі желілер өтетін трассаларды ретке келтіру болып табылады.

5. Газбен жабдықтау

Бас жоспарда барлық санаттағы қалалық тұтынушыларды толық көлемде сұйытылған газбен жабдықтау мәселелері шешілуде.

Осы мақсаттар үшін қуатын жылына 42 мың тоннаға дейін жеткізіп, қолданыстағы газ толтыратын станцияларды реконструкциялау және кеңейту көзделген.

6. Телефондандыру

Бас жоспарда телекоммуникация желісін цифрландыру негізінде қалалық абоненттік сыйымдылықтарды одан әрі есептік өлшемдерге дейін көбейту қарастырылған.

Есептік мерзімнің соңында желінің сыйымдылығын 159,1 мың нөмірге жеткізу көзделген.

Бас жоспарда:

1) қолданыстағы автоматты телефон станцияларының (бұдан әрі – АТС) сыйымдылығын кезең-кезеңмен көбейту және 7 жаңа цифрлық станция салу;

2) цифрлық АТС арасындағы станцияаралық байланыстарды ұйымдастыру үшін оптикалық-талшықты желілерді кезең-кезеңімен салу;

3) оптикалық-талшықтық кабельдерді қолданып, абоненттік желіні кезең-кезеңімен салу;

4) жаңа қала құрылысын игеру аудандары бағытында телефон кабелі кәрізін салу көзделген.

8. Аумақтарды инженерлік дайындау және инженерлік қорғау

1. Аумақты инженерлік дайындау

Бас жоспарда салынған аумақтан жерүсті суларын кетіруді қамтамасыз ету үшін:

1) 35 шақырым нөсер және 59 шақырым біріккен нөсер-дренаж коллекторларын кезең-кезеңімен салу;

2) нөсер суларды қайта айдайтын 6 сорғы станциясын орнату;

3) 103 шақырым ашық арық желісін өткізу;

4) жерасты суларының деңгейін төмендету жөніндегі іс-шаралар өткізу, шамамен 20 шақырым сызықтық және аралас дренаж салу және 320 гектар ауданда жүйелі көлденең жабық дренаж салу;

5) 7 нөсер кәріз тазарту станциясын салу;

б) қолданыстағыларға қосымша суаратын сумен жабдықтайтын 7 сорғы станциясын салу көзделген.

Ертіс өзенінің жағасын қорғау жөніндегі көзделген іс-шаралар кешені:

1) қалалық құрылыс орналасқан Ертіс өзенінің учаскелерінде монолитті немесе құрама темірбетоннан жасалған құлама жаға бекінісінен тұрады, бұл оған темір-бетон плиталарын төсеу үшін жайпақ еңісті құруға мүмкіндік береді;

2) өзеннің тым тік жер еңісі бар және қалалық құрылыс еңісінің жиегіне жақын орналасқан учаскелерінде металл шпунт тірек қабырғаны құрып, құрама бекітілген еңістен;

3) қираған темірбетон плиталарды ауыстырып, қолданыстағы құлама бекіністі реконструкциялаудан және жөндеуден;

4) палеонтологиялық көмінділердің учаскесінде көміндіге бару мүмкіндігі үшін берма құрып, еңістің төменгі бөлігін бекітуден тұрады.

2. Қаланың аумағын санитариялық тазарту

Бас жоспарда мыналар көзделген:

1) Павлодар қаласының аумағын санитариялық тазарту жүйесін одан әрі дамыту және жетілдіру;

2) қатты тұрмыстық қалдықтарды (бұдан әрі – ҚТҚ) бөлек жинауды енгізу;

3) жәндіктер мен ауру тудырушы микроағзалардың таралуын тежейтін атмосфераны, топырақты, жерүсті және жерасты суларды ластанудан қорғауды қамтамасыз ететін ҚТҚ-ны қоймалау және оқшаулауға арналған табиғатты қорғау ғимараттары кешенінің жобасын әзірлеу және салу;

4) кейіннен жер учаскелерін шаруашылық немесе өзге де мақсаттарда толыққанды пайдалану үшін қолданыстағы санкцияланған және апатты қоқыс үйінділерінің орнын қалпына келтіру.

3. Өрт қауіпсіздігі

Қазіргі уақытта қала аумағында 69 өрт сөндіру автомобилі бар.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 23 маусымдағы № 439 бұйрығымен бекітілген "Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар" техникалық регламентінің нормативтік талаптарына сәйкес есептік мерзімде қала үшін тағы 80 өрт сөндіру автомобилі қажет.

Жобаланған өрт сөндіру деполары қызмет көрсету радиусы 3 шақырым қашықтықта орналасқан. Өрт сөндіру депосын салуды тұрғын үй алаптарының негізгі құрылысынан бұрын жүзеге асыру қажет.

9. Қоршаған ортаға әсерді бағалау (ҚОӘБ)

Қоршаған ортаға әсерді бағалауды әзірлеу кезінде Бас жоспар бойынша көзделген қызмет туралы қорытындылар жасалды.

Қарқынды урбандалу жағдайында табиғи кешендерді түрлендірудің үздіксіз процесі жүреді, бұл табиғи ландшафтардың, топырақ жамылғысы, өсімдік және жануарлар әлемі, жерүсті және жерасты суларының өзгеруінен көрініс табады. Көрсетілген табиғат элементтерінің рұқсат етілген шектен тыс өзгеруі олардың тозуына және халықтың өмір сүруі үшін қолайсыз жағдайларға әкеледі.

Халықты қалыпты әлеуметтік және санитариялық-гигиеналық өмір сүру жағдайларымен қамтамасыз ету үшін қаланың өндірістік және әлеуметтік-экономикалық дамуы қоршаған ортаны қорғау және сауықтыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырумен байланысты болуға тиіс.

Қоршаған ортаның әрбір компоненті бойынша ұсынылған іс-шараларды орындау кезінде қаладағы экологиялық жағдайдың нашарлауын болдырмауға, халықтың өмір сүру жағдайларын жақсартуға және нормативтік талаптарға сәйкес қоршаған орта мен адамды сауықтыруға болады.

Ауаны өнеркәсіптік ластанудан қорғауды қамтамасыз ететін маңызды іс-шаралардың бірі санитариялық қорғаныш аймақтарын (бұдан әрі – СҚА) газға шыдамды ағашты-бұталы екпелермен көгалдандыру болып табылады. Қазақстан электролиз зауытының есептік СҚА үшін қорғаныш көгалдандыру оның аумағының 40%-ын алуы мүмкін. Ұсынысты іс жүзінде іске асыру үшін көгалдандырудың және абаттандырудың техникалық жобасын әзірлеу қажет.

Атмосфералық ауаны ластайтын заттарды сіңіру үшін жасыл екпелер ауданын ұлғайту, қаланың көшелері мен алаңдарында шаңды басу үшін субұрқақтар және басқа да құралдарды орнату ұсынылады.

Жекелеген кәсіпорындар бөлінісіндегі қаланың ауа бассейнін сауықтыру үшін мыналар қажет:

1) зертханалық қорды күшейту және ластаушы заттарды анықтайтын спектр " Павлодар облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаменті" және "Павлодар облысы бойынша экология департаменті" республикалық мемлекеттік мекемелерінің зертханаларын кеңейту;

2) сегіз ірі өнеркәсіптік кәсіпорынның (ық жағынан және жел жағынан) СҚА шекарасындағы атмосфералық ауаның сапасына мониторингті жүзеге асыру;

3) Павлодар қаласының мониторингілеу нүктелеріндегі атмосфералық ауа сапасының нысаналы көрсеткіштеріне мониторинг жүргізу;

4) Павлодар қаласының жол берілетін шекті шығарындыларының жиынтық томын уақтылы жаңартуды көздеу және жаңа жобаларды әзірлеу шамасына қарай үнемі жаңартуды және ақпараттық дерекқорды нақтылауды жүзеге асыру.

1. Автокөлік шығарындыларын азайту шаралары:

1) муниципалдық және жеке автокөлікті Еуро-4 экологиялық стандартына бейімдеу рәсіміне бастамашылық ету;

2) отын беру желісінде отынды түзеткішті орната отырып, молекулалық деңгейде жану алдында дайындау, бұл ретте оның жануы жақсарады;

3) қосымша ауа жіберу арқылы пайдаланылған газдарды бейтараптандыру тәсілдерін жетілдіру;

4) катализдік жандырғыштарды, бейтараптандырғыштарды және тағы басқасын қолдану;

5) қалалық автобус паркін жаңарту (ескі автобустарды есептен шығару және жаңа автобустарға ауыстыру);

6) жеке көлікті (мәселен, салық салуды төмендету арқылы) және муниципалдық көлікті (әкімшілік тәртіппен) сұйытылған газға көшуге ынталандыру. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін қызмет ететін автомобильге газ құю станциялары мен газ-баллон жабдығын орнатумен айналысатын кәсіпорындардың желісін кеңейту қажет;

7) электр көлігінің (трамвай) үлесін арттыру.

2. Қаланың көліктік схемасын оңтайландыру:

1) негізгі магистральдарды кеңейте отырып, жолдарды тиімді жөндеу жүргізу, әртүрлі деңгейдегі көшелердің қиылысын ұйымдастыру;

2) жерасты автотұрақтарын, гараждарды, жаяу жүргіншілер жолын ұйымдастыру;

3) велосипед жолдары мен велосипедпен жүріп-тұру мәдениетін енгізу.

Сонымен бірге тиімді қозғалысты ұйымдастыру үшін неғұрлым проблемалы аймақтарда, атап айтқанда, қаланың орталығында жеке көлікті пайдалануды мүмкіндігінше шектеуге, сондай-ақ жүк көлігінің өтуін шеттегі магистральдар бойынша бағыттауға болады.

Автокөліктерге жанармай құю станцияларында, мұнай базалары мен автокөлік кәсіпорындарында отын биокатализаторларын – сұйық отын қоспаларын енгізу, оларды қолдану көмірқышқыл газы мен көмірсутектің неғұрлым аз шығуына қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қала құрылысы тәжірибесінде сәулет-жоспарлау іс-шаралары ерекше маңызды. Оларға мыналар жатады:

1) жол өтпелерін, әртүрлі деңгейдегі көлік жол айрықтарын салу есебінен көлік құралдарының тоқтаусыз қозғалысын қамтамасыз ету;

2) көлік қозғалысын басқарудың ақпараттық технологияларын қолдана отырып, " жасыл толқын" қағидатын пайдалану;

3) жоспарлаудың күрделі сипаты бар учаскелерінде автокөліктің біржақты қозғалысын ұйымдастыру;

4) қаланың орталық бөлігінде үлкен жүк автомобильдерінің жүріп-тұруына тыйым салу немесе шектеу аумақтарын бөлу;

5) санитариялық-гигиеналық нормалардың сақталуын ескере отырып, тұрғын үйлерді көлік магистральдарынан қашықта салу;

6) тарихи ескерткіштер айналып өтетін көлік қозғалысын ұйымдастыру, велосипед жолдарын төсеу, атмосфералық ауаның ластануын төмендетуге әсер ететін жасыл екпелерді егуді жоспарлау шешімдерін есепке алу;

7) қаланы көліктен босату үшін айналма автомобиль жолдарын жасау.

Атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларын бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында мыналар қажет:

1) кәсіпорында қоршаған ортаның жағдайын анықтауға арналған жеке зертхананы құру мүмкін болмаған жағдайларда сынамалар іріктеу мен талдауды жүзеге асыруға құқығы бар басқа ұйымдарды тарта отырып, атмосфераны ластануға елеулі үлесі бар, яғни I, II, III қауіптілік санатына жататын қаланың барлық кәсіпорындарында өндірістік мониторинг жүйесін құру;

2) бақыланатын көрсеткіштердің, оның ішінде автокөліктен шығатын ластаушы заттардың көлемін кеңейту (технологиялық процестерде, реагенттерде және тағы сол сияқтыларда қолданылатын зат түріне қарай шығарылымдардағы бақыланатын ластаушы заттардың тізбесі);

3) атмосфералық ауаны ірі ластаушы кәсіпорындарды ластаушы заттар шығарындыларын (АСК ЗВ) компьютерленген газ талдағыштар базасында автоматтандырылған бақылау құралдарымен жарақтандыру (мысалы, ДАГ-16), бұл ластаушы заттардың шығарындыларын бақылаудың жеделдігі мен сапасын айтарлықтай арттыруға мүмкіндік береді;

4) қаланың аумағында мемлекеттік мониторинг станцияларының желісін кеңейту (қаланың шығыс өнеркәсіптік аймағына іргелес тұрғын үй құрылысы аумағына тым болмаса қосымша стационарлық автоматты бақылау бекетін орнату қажет);

5) қаланың аумағында стационарлық бекет орнатылуы мүмкін емес (орынсыз) аудандарда ауаның сынамаларын жүйелі түрде іріктеуді жүргізуге мүмкіндік беретін көшпелі талдамалық зертхана (маршруттық бекет) салу;

6) әртүрлі ведомстволардың (Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, Ауыл шаруашылығы министрліктері) дерекқорлары арасындағы кең ақпараттық алмасу үшін жағдай жасау;

7) қоршаған ортаны қорғау туралы ақпаратпен халықты қамтамасыз етудің деңгейін арттыру арқылы атмосфералық ауаның ластануына бақылауды жүзеге асыруда жұртшылықтың рөлін күшейту.

Қаланың қала құрылысы дамуының экологиялық талаптарына мыналар жатады:

1) орнықты экологиялық жайсыздық аймақтарында өмір сүру ортасын түбегейлі сауықтыру;

2) қолданыстағы табиғи кешенді қолайсыз антропогендік әсерлерден қорғау және резервтік аумақтарда жаңа жасыл алқаптарды қалыптастыру жөніндегі шараларды іске асыру;

3) өмір сүру ортасының жайлылығын арттыру, соның ішінде аумақты көгалдандыру, қаланың тұрғын үй және қоғамдық аймақтарында мезоклиматтық және микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен арттыру.

Қаланың қала құрылысы дамуының экологиялық талаптарын орындаудың қажетті шарттары:

1) тұрғындар денсаулығының қауіпсіздігіне елеулі қауіп төндіретін экологиялық қатер аймақтарын жою;

2) қатты техногендік жүктеме түскен аумақтарды (рұқсатсыз қоқыс үйінділерінің, магистраль бойы маңындағы аумақтардағы газдалған аймақтар мен шулы аумақтар және т.б.) санациялау, қалпына келтіру, қайта ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

3) жоғары экологиялық қауіп көзі болып табылатын өндірістерді жою;

4) аз қалдықты және қалдықсыз таза экологиялық технологияларды, өндірістің ағынсыз циклдерін енгізу, өнеркәсіп, энергетика, қалалық шаруашылық объектілерін заманауи газ тазарту, шаң ұстағыш және су тазарту жабдықтарымен 100 % жабдықтауға жеткізу;

5) ауызсудың сапа стандарттарын сақтауды және өндірістік, коммуналдық ағын сулар мен жерүсті ағын суларды тазартуды қамтамасыз ету;

б) үздіксіз қозғалысты автомагистральдар салу;

7) жүк көлігінің басым қозғалысымен және аралас қозғалысты айналма автомагистраль салу;

8) өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтарды толық қайта өңдеу және залалсыздандыру болып табылады.

Бас жоспар бойынша шешімдерді іске асыру табиғат қорғау іс-шараларын ескере отырып, жерүсті және жерасты суларына, топырақ-өсімдік жамылғысы мен геологиялық ортаға әсер ету қарқындылығын әлсіретуге мүмкіндік береді.

Іс-шараларды орындау, сондай-ақ сәулет-жоспарлауды ұйымдастыруды, аймақтарға функционалдық бөлуді жетілдіру, жалпықалалық орталық және көгалдандыру жүйесін қалыптастыру, орманды-саябақты және рекреациялық аймақтарды құру, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту қаладағы халықтың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасауға ықпал етеді.

10. Бас жоспар бойынша негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштер

Р/с №	Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2015 ж. 1 қаңтар	2022 ж.	2032 ж.
-------	-----------	---------------	---------------------	---------	---------

1	2	3	4	5	6
1	Қала шегіндегі аумақтар, барлығы	Га	63320,7	63513,5	63513,5
	соның ішінде:				
1.1	Елді мекендердің жерлері (қалалар, кенттер және ауылдық елді мекендер)		33674,2	33867,0	33867,0
1.1.1	Қалалар мен кенттер		21784,5	21880,9	21880,9
	соның ішінде:				
1.1.1.1	жеке тұрғын үй құрылысы		961,0	1376,0	2262,0
1.1.2	Ауылдық елді мекендер		11889,7	11986,1	11986,1
1.1.3	Бұдан басқа, елді мекендер шегінде орналасқан жерлер				
1.1.3.1	Ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарының пайдалануындағы жерлер		8617,6	8617,6	8617,6
1.1.3.2	бау-бақша және саябақ құрылысы үшін		2591,0	2591,0	2591,0
1.1.3.3	орман шаруашылығы кәсіпорындары		1465,0	1465,0	1465,0
	А. Қоныстану аумақтары:	га			
	Шағын аудандар, орамдар	га	1905,0	2433,6	3108,8
	Қызмет көрсету мекемелері мен кәсіпорындарының учаскелері (шағын аудандық маңызы бар мекемелер мен кәсіпорындарды	га	418,5	524,8	617,2
1	2	3	4	5	6
	қоспағанда)				
	Жалпы пайдалануды көгалдандыру (саябақтар, гүлбақтар, желекжолдар)	га	143,1	292,4	608,8
	Магистраль желісі (қызыл сызықтарда)	га	288,1	504,0	631,0
	Ботаникалық бақ	га			45,0
	Дендропарк	га			80,5
	Гольф-парк	га			131,1
	Зообақ	га			16,4
	Ипподром	га			72,8
	Жағажай	га	10,0	14,0	18,0

	Арнайы аумақтар	га	79,4	79,4	79,4
	Өнеркәсіптік және коммуналдық-қоймалық кәсіпорындар	га	430,2	448,4	448,4
	Қоныстану аумақтарының жиыны:	га	3395,1	4502,6	5713,6
1.2	Ә. Қоныстанудан тыс аумақтар	га			
1.2.1	Өнеркәсіптік, көлік, байланыс, қорғаныс және басқа да ауыл шаруашылығы мақсатындағы емес жерлер		13048,9	13887,3	15835,6
1.2.2	Орман қорының жерлері		1465,0	1465,0	1465,0
1.2.3	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар	га	937,9	937,9	937,9
1.2.4	Су қорының жерлері	га	87,6	87,6	87,6
1.2.5	Қордағы жерлер		8577,1	8577,1	8577,1
1.2.6	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер	га	11208,6	11208,6	11208,6
	соның ішінде				
1.2.6.1	Бау-бақшаны және саяжай құрылысын жүргізу үшін азаматтарға арналған жерлер	га	2591,0	2591,0	2591,0
1.2.6.2	Шаруа қожалығын жүргізу үшін азаматтарға арналған жерлер	га	4178,1	4178,1	4178,1
1.2.6.3	Мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы заңды тұлғалардың жерлері		4439,6	4439,6	4439,6
1.2.7	Өзге де жерлер	га	24600,5	13804,0	14256,3
	Қоныстанудан тыс аумақтардың жиыны	га	59925,6	58914,5	57703,5
2	Халық				
1	2	3	4	5	6
2.1	Павлодар қаласы әкімдігінің деректері бойынша тұрғындардың саны, барлығы	мың адам	356,2	384,0	412,0
	соның ішінде:				
2.1.1	Павлодар қаласы		342,3	368,6	395,1
2.1.2	Ленин кенті		9,5	9,6	21,3
2.1.3	ауылдық елді-мекендер		13,9	15,4	16,9
2.2.	Халықтың тығыздығы	адам\га			

2.2.1	Қоныстану аумағының шегінде		100,8	81,9	69,2
2.2.2	Қалалық, кенттік және ауылдық құрылыс жүргізу аумақтарының шегінде		5,6	6,0	6,5
2.3.	Халықтың жас құрылымы				
2.3.1	15 жасқа дейінгі балалар	мың адам	73,7	82,6	91,9
		%	20,7	21,15	22,3
2.3.2	Еңбекке қабілетті жастағы тұрғындар	мың адам	228,8	238,0	243,9
		%	64,2	62,0	59,2
2.3.3	Еңбекке қабілетті жастан асқан тұрғындар	мың адам	53,6	63,4	76,2
		%	15,1	16,5	18,5
2.4	Отбасылар және жалғызбасты тұрғындардың саны, барлығы	бірлік	134260,0	144700,0	155200,0
	соның ішінде:				
2.4.1	Отбасылардың саны	бірлік	118955,0	128240,0	137630,0
2.4.2	Жалғызбастылардың саны	бірлік	15305,0	16460,0	17570,0
2.5.	Жұмыс істейтін тұрғындардың саны, барлығы	мың адам	184,7	198,2	209,9
3	Тұрғын үй құрылысы				
3.1	Тұрғын үй қоры	жалпы ауданы мың м ²	7061,2	8011,1	9558,2
	соның ішінде:				
3.2.1	Мемлекеттік қор	жалпы ауданы мың м ²	799,8	799,8	799,8
3.2.2.	жеке меншікте	жалпы ауданы мың м ²	6261,4	7211,3	8758,4
3.3	Жалпы қордан:				
3.3.1	Көп пәтерлі үйлерде	-\\-	5566,0	6130,0	7116,6
3.3.2	Жеке қоныс үлгісіндегі үйлерде	-\\-	1495,2	1881,0	2441,7
3.4	Сақталатын тұрғын үй қоры	мың м ²	7061,2	6994,7	7747,5
1	2	3	4	5	6
3.5	Тұрғын үй қорын қабаттылығы бойынша бөлу				
3.5.1	жеке қонысты	-\\-	1495,2	1881,0	2441,7
3.5.2	аз қабатты	-\\-	302,1	235,6	235,6
3.5.3	орташа қабатты	-\\-	2636,0	2636,0	2645,2

3.5.4	көп қабатты	-\\-	2627,9	3258,4	4235,9
3.6	Халықты пәтерлердің жалпы ауданымен орташа қамту	м ² /адам	20,6	21,7	24,2
3.7	Жаңа тұрғын үй құрылысы, барлығы	жалпы ауданы мың м ²	134,6	1016,4	1810,7
3.8	Жаңа тұрғын үй құрылысының қабаттылығы бойынша арақатынасы	-\\-			
3.8.1	Жеке қонысты	-\\-	59,3	385,8	824,2
3.8.2	азқабатты	-\\-	0,0	0,0	0,0
3.8.3	орташа қабатты	-\\-	0,0	0,0	9,1
3.8.4	көпқабатты	-\\-	75,3	630,6	977,4
4	Мәдени-сауық және мәдени-тұрмыстық мақсаттағы мекемелер				
4.1	Мектепке дейінгі балалар мекемелері, барлығы 1000 адамға шаққанда	орын	15223,0	20200,0	21450,0
	соның ішінде:		42,7	52,6	52,1
4.1.1	мемлекеттік	-\\-	14768,0	19680,0	20870,0
			41,5	51,3	50,7
4.1.2	жеке меншік	орын	455,0	520,0	580,0
			1,3	1,4	1,4
4.2	Жалпы орта білім беретін мектептер, барлығы 1000 адам	мың орын	43,4	41,8	43,2
			0,1	0,1	0,1
4.3	Емханалар, барлығы 1000 адамға шаққанда	орын	5700,0	7140,0	7670,0
			16	18,6	18,6
4.3.1	Мемлекеттік	-\\-	3780,0	4900,0	5210,0
			10,6	12,8	12,6
4.3.2	жеке меншік	-\\-	1920,0	2240,0	2460,0
			5,4	5,8	6,0
4.4.	Ауруханалар, барлығы 1000 адамға шаққанда	төсек орын	4005,0	4570,0	4900,0
	соның ішінде:		11,2	11,9	11,9
4.4.1	мемлекеттік	-\\-	3700,0	4220,0	4530,0
			10,3	11,0	11,0
4.4.2	жеке меншік	-\\-	305,0	350,0	370,0
1	2	3	4	5	6
			0,8	0,9	0,9
4.5	Сауда кәсіпорындары, барлығы 1000 адамға шаққанда	м ²	70148,0	93000,0	99020,0
			197,0	240,0	240,0

4.6	Тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындары, барлығы 1000 адамға шаққанда	жұмыс орны	213,0	1220,0	1420,0
			0,6	3,2	3,4
4.7	Қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, барлығы 1000 адамға шаққанда	орын	5553,0	15360,0	16480,0
			15,6	40,0	40,0
соның ішінде:					
4.7.1	мемлекеттік	-\\-	0,0	0,0	0,0
4.7.2	жеке меншік	-\\	5553,0	15360,0	16480,0
			15,6	40,0	40,0
4.8	Ойын сауық-мәдени мекемелер, барлығы 1000 адамға шаққанда	орын	2837	4118	14520
			8,0	10,7	35,2
4.9	Ұзақ демалыс мекемелері, барлығы 1000 адамға шаққанда	орын	350	3195	9600
			1,0	8,3	23,3
4.10	Өрт сөндіруші депо ғимараттары	автомобиль-дер саны	69,0	75,0	80,0
			0,2	0,2	0,2
5.	Көліктік қамтамасыз ету				
5.1	Магистральды көшелер мен жолдардың ұзындығы	шақырым	365	561,0	750,0
5.2	Сыртқы көлік				
5.2.1	теміржол:				
	жолаушылар тасымалданды	мың жолаушы	278,2	333,8	467,4
	жүк айналымы	млн. т-км, нетто	17730,0	28460,0	30595,0
5.5.2	әуе:				
	жолаушылар тасымалданды	мың адам	60,4	65,1	69,9
	жүк тасымалданды	т	284,0	306,0	328,0
5.5.3	өзен көлігі				
	жолаушылар тасымалданды	мың адам	40,0	50,0	70,0
	жүк тасымалданды	млн. т	0,8	0,9	0,9
5.5.4	автомобиль көлігі				
	жолаушылар тасымалданды	мың адам	73,8	79,6	85,3
	жүк айналымы	млн. т-км, нетто	16773,0	18082,0	19400,0
5.5.5	Құбыр-өткізгіш көлік	млн. т	35,4	38,2	41,0
6	Инженерлік жабдық				
1	2	3	4	5	6
	Сумен жабдықтау:				

6.1	Павлодар қаласын шаруашылық-ауызсумен жабдықтау							
6.1.1	Жиынтық су тұтыну, барлығы	мың м ³ /тәулік	87,86	105,38	111,77			
	(максималды тәуліктік шығыс)	мың м ³ /тәулік		(124,68)	(131,43)			
	соның ішінде:	мың м ³ /тәулік						
6.1.1.1	Шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне	мың м ³ /тәулік	87,86	92,77	98,15			
6.1.1.2	өндірістік қажеттіліктер	мың м ³ /тәулік	6.2-т. қараңыз	12,61 (мал есебімен)	13,62 (мал есебімен)			
6.1.2	ҚОӘ су құбырлары басты ғимараттарының қуаттылығы	мың м ³ /тәулік	183	183	183	6.1.3	Пайдаланылатын сумен жабдықтау көздері	м ³ тәу
6.1.4	Тәулігіне 1 адамға орташа су тұтыну	л/тәулік-адам	264	293,5	295,8			
6.1.4.1	Соның ішінде шаруашылық-ауызсу қажеттіліктеріне	л/тәулік-адам	264	258,4 (есептел-мегенсіз 215,3)	259,8 (есептел-мегенсіз 216,5)			
6.1.5	Желілердің ұзындығы	шақырым	457,59	88,06 қосымша	12 қосымша			
6.2	Павлодар қаласының өнеркәсіптік кәсіпорындарын техникалық сумен жабдықтау							
6.2.1	Жиынтық тұтыну, барлығы	мың м ³ /тәулік	76,11 оңтүстік тоған	207,29	207,29			
6.2.2	Ертіс өзенінің сумен жабдықтау ету көздері	мың м ³ /тәулік						
	"Оңтүстік" тоғаны	мың м ³ /тәулік	76,11 (тоған қуаты 423,7)	104,11 (тоған қуаты 423,7)	104,11 (тоған қуаты 423,7)			
	"Солтүстік" тоғаны	мың м ³ /тәулік	деректер жок	103,18	103,18			
6.3	Ленин кентін	мың м ³ /тәулік						
1	2	3	4	5	6			
	шаруашылық – ауызсумен жабдықтау							
6.3.1	Жиынтық тұтыну, барлығы	мың м ³ /тәулік	0,08 және әкелінетін су бөлігі	179,7	322,0			
	(максималды тәулік шығысы)	мың м ³ /тәулік		215,7	386,4			

6.3.1.1	Соның ішінде шаруашылық - ауызсу қажеттіліктері	мың м ³ /тәулік	0,08 және әкелінетін су бөлігі			
6.3.2	Қоршаған ортаға әсер ету қуаты	мың м ³ /тәулік	0,08	2,2	3,9	
6.3.3	Сумен жабдықтаудың пайдаланатын көздері	мың м ³ /тәулік				Ленин жерасты тоғаны
			15,55	15,55	15,55	
6.3.4	Жерасты суларының бекітілген қорлары 1975 ж. 23.12. № 3-367 ТКЗ. Қорларды қайта бағалау қажет	мың м ³ /тәулік	Қорлардың болуына уақытша қорытынды берілген (Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Геология және жер қойнауын пайдалану комитетінің 2013 ж. 26.08. № 17-03/12059 хаты)			
6.3.5	Тәулігіне 1 адамға орташа су тұтыну	л/тәулік-адам		187,2	187,2	
	соның ішінде шаруашылық - ауызсу қажеттіліктеріне	л/тәулік-адам		187,2 (187,2 (есептел-мегенсіз 150)	(187,2 (есептел-мегенсіз 150)	
6.3.6	Желілердің ұзындығы	шақырым		29	8,6 қосымша	
6.4	Павлодар қаласының кәрізі					
6.4.1	Ағын сулардың жалпы түсімі, барлығы	мың м ³ /тәулік	86,62	90,57	96,25	
	соның ішінде:	мың м ³ /тәулік				
6.4.1.1	тұрмыстық кәріз	мың м ³ /тәулік	83,16	81,17	85,89	
6.4.1.2	өндірістік кәріз	мың м ³ /тәулік	3,46	9,4	10,36	
6.4.2	Кәріз тазарту ғимараттарының өнімділігі	мың м ³ /тәулік	200	200	200	
6.4.3	Желілердің ұзындығы	шақырым	345,22	120 қосымша	11,2 қосымша	
6.5	Ленин кентінің кәрізі					
6.5.1	Ағын сулардың жалпы түсімі, барлығы	мың м ³ /тәулік		1,51	2,69	
	соның ішінде:	мың м ³ /тәулік				
1	2	3	4	5	6	
6.5.1.1	тұрмыстық кәріз	мың м ³ /тәулік		1,51	2,69	
6.5.1.2	өндірістік кәріз	мың м ³ /тәулік				
6.5.2	Кәріз тазарту ғимараттарының өнімділігі	мың м ³ /тәулік				
6.5.3	Желілердің ұзындығы	шақырым		45,1	9 қосымша	
6.6	Электрмен жабдықтау					

6.6.1	Қала бойынша жиынтық электр жүктемесі, барлығы	МВт	897,0	1030,0	1100,0
	соның ішінде:				
6.6.1.1	Коммуналдық-тұрмыстық сектор		145,6	166,4	201,5
6.6.1.2	Өнеркәсіптік сектор		722,0	815,0	836,0
6.6.2	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге жылына 1 адамға электр энергиясын тұтыну	кВт сағ./адам	950,0	1043,0	1286,0
6.7	Газбен жабдықтау				
	Сұйытылған газ қажеттілігі, барлығы	мың т/жылына	22,0	39,0	41,5
	соның ішінде:				
	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге		20,5	23,5	26,0
6.8	Телефондандыру				
	Орнатылған телефон аппараттарының саны	дана	92022	127300	159100
	1000 адамға телефон тығыздығы	дана	320	380	430
6.9	Жылумен жабдықтау				
6.9.1	Ыстық судағы жылудың жалпы шығысы	Гкал/сағ.	1 348	1 572	1 787
6.9.2	Жылуды тұтыну, барлығы, соның ішінде:	-“-	1 226	1 429	1 622
6.9.2.1	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін	-“-	988	1 072	1 213
6.9.2.2	өндірістік қажеттіліктер үшін	-“-	238	357	409
6.9.3	Ыстық сумен жабдықтауды тұтыну, барлығы, соның ішінде:	-“-	122	143	165
6.9.3.1	коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге	-“-	110	125	144
6.9.3.2	өндірістік қажеттіліктерге	-“-	12	18	21
6.9.4	Өндірістік қажеттіліктерге арналған бу	т/сағ.	1 200	1 275	1 345
1	2	3	4	5	6
7	Аумақты инженерлік дайындау				

	Жер жұмыстары:				
	жердің қатты қабығын ойып алу	мың м ³	-	15,0	50,0
	сеппе	мың м ³	-	45,0	225,0
7.1	Желілердің ұзындығы				
	соның ішінде:				
	жабық нөсер кәрізі	шақырым	15,72	15,0	20,0
	ашық арық желісі	шақырым	1,28	64,0	39,0
	қысымды суармалы құбыр желісі	шақырым	-	32,0	44,0
	Жабық өздігінен ағатын нөсер-дренаж коллекторлары	шақырым	-	25,0	34,0
	жүйелі көлденең дренаж	га	-	270,0	50,0
7.2	Құрылыстар:				
	нөсер және дренаж суларының сорғы станциялары	дана	4,0	4,0	2,0
	суармалы сумен жабдықтайтын сорғы станциялары	дана	3	2	5
	нөсер суларының тұндырғышы	дана	-	2	5
7.3	Жағаны бекіту жұмыстары				
	Ертіс өзенінің арнасын нығайту	шақырым	3,0	3,4	2,1
	Усолка өзенінің арнасын реттеу	шақырым	-	9,4	-
8	Аумақты санитариялық тазарту				
8.1	Тұрмыстық қалдықтар көлемі	мың т/жыл	151,471 жиналды	128,408	142,15
8.2	Қоқысты қайта өңдеу зауыттары (пластмассаны қайта өңдеу)	бірлік/ мың т/жыл		1/14,352	1/14,352
8.4	Қоқысты сұрыптау станциясы			1/78,864	1/78,864
8.5	Жетілдірілген қоқыс үйінділері (полигондар)	га	қоқыс үйіндісі	25	25
8.6	Қоқыс үйінділерінің жалпы алаңы	га	100,78	100,78	100,78
8.7	Табиғатты қорғау және табиғатты тиімді пайдалану бойынша өзге де іс-шаралар	мың т/жыл		12 тыңайтқыш алу	12 тыңайтқыш алу

Павлодар облысы
 Павлодар қаласының
 бас жоспарына
 (негізгі ережелерді
 қоса алғанда)
 қосымша

Бас жоспар (негізгі сызба)

